

Жігітке жеті өнер де аз

«Бастау» түлегі ауылда фаст-фуд орынын ашты

Аспаз – күнделікті ас әзірлеумен айналысатын мамандық иесі екенін білгенімізбен, оның қоғамда алар орыны мен еңбегі жайында көп айтыла бермейді.

Бұл мамандық иелерінің қоғамда алар орны ерекше және еңбектері орасан.

20 қазан – аспазшылар күні. Қастерлі мамандық иелерінің кәсіби мерекелері қарсаңында аудан жұртшылығын жас аспазшымен таныстырғанды жөн санадық.

Сонау Шымкент қаласынан біздің ауданымызға қоныс аударған Валижон Лутфуллаев шебер аспаз десек қателеспегеніміз. Өзбек ұлтының азаматы жоғары білімді жан. Мамандығы бағдарламашы екен. Дегенмен, бүгінде сүйікті ісімен айналысып, шебер аспаз деген атаққа ие болған көрінеді. Шымкент қаласынан қоныс аударған азамат мамандығы бойынша жұмысқа тұруды жөн көріп, алғашында жұмыс іздеген көрінеді. Жұмыстың жоқтығынан кәсіп ашамын деп шешкен екен.



Жас кәсіпкер өз ісін тыңғылықты атқаруда

Бүгінде еңбек етіп, талпынған жастарға мемлекет тарапынан қолдау бар. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында өңірлердегі жаңа бизнес көздерін ашу мақсатында «Бастау Бизнес» жобасы кәсіпкерліктің негіздері бойынша тегін оқытатын курстар жаңа бизнес көздерінің ашылуына ұйытқы болып отыр.

Валижон Лутфуллаев те-

гін курсты тәмамдап, бизнес жобасын да қорғаған екен. Аудан орталығынан шағын кәсібін ашып, кәсібінен нәсібін тауып отыр. Фаст-фуд орынын ашып, бүгінде көптің көңілінен шығуда.

Көңілден шыққан орынжайды жалға алып, жөндеу жұмыстарын жүргізді, жабдықты толықтырды. Кафе бұрынғы «Алдан» дүкенінде орналасақан. Алдағы күнде жұмысшылар саны артады деген де мақсат бар. Ауыл тұрғындарына

жылдам дайындалатын тағамдардың үлкен тізімі қолжетімді бағалармен ұсынылуда және тез арада дайындалуда.

Бүгін өңірлерде оқу курсы аяқтаған азаматтар бизнес-жобаларын қорғап та жатыр. Берілген қаражатты бизнеске жұмсайтындарын да айтып өтті. Алдағы күнде мемлекет тарапынан көрсетілген көмектің жемісін көреміз деген тілектері де бар екен.

- Мемлекеттің көрсетіп

жатқан көмегіне жүгіндім. Шүкір бастамамыз іске асып, халықтың көңілінен шығудамыз. Келушілер мен тапсырыс берушілердің саны күн санап артып келеді. Кәсібіміз дөңгеленіп ісімізді үлкейтеміз деген де ойымыз, - бар дейді жас кәсіпкер.

Жат елде кәсіп ашып, еңбек ету оңай емес. Көптің қолдауымен ойлаған мақсатқа жетіп келеді. Валижонның ісінің берекелі болуына жан жары да үлкен қолдау көрсетуде.

Жолдасының әркез жанынан табылып, бүгінде адал серігіне айналды.

Болашаққа үлкен сеніммен қараған жас кәсіпкердің ойлаған арман-мақсаты көп. Алдағы күнге үлкен сеніммен қарап, адал еңбектің арқасында мақсатына қол жеткіземін дейді. Бізде өз атымыздан кәсіпкер және мықты аспазшыға еңбегіңіз жана берсін деген тілегімізді білдіреміз.

Тұрсынай МҰХТАРҚЫЗЫ